

Шеримова Сауле Курмановнаның 8D09102- «Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынған «Вермиком» азықтық қоспасын ірі қара рационнында пайдалану кезінде сүт және сүт өнімдерін ветеринариялық-санитариялық бағалау» тақырыбында орындалған диссертациялық жұмысына

ОТЫНДЫҚ ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІСІНІҢ ПІКІРІ

Орындалған жұмыстың өзектілігі және қазіргі ғылым мен тәжірибе үшін маңыздылығы. Табиғи минерал - вермикулит Қазақстан нарығы үшін жаңа материал болып табылғанымен, ал басқа елдерде ол кеңінен қолданылады. Физикалық-химиялық, ион алмасу және сорбциялық қасиеттеріне байланысты вермикулит өнімділік пен табиғи тұрақтылықты арттыруға, жануарлардың ауруларының алдын алуға және мал шаруашылығы өнімдерінің сапасын жақсартуға арналған биологиялық белсенді агент болып табылады. Вермикулит сұйық субстраттарға қатысты жоғары сыйымдылыққа ие бола отырып, өнімнің сусымалы қасиетін сақтайды. Оның бұл қасиеті әртүрлі азықтық қоспалармен, дәрумендермен, пробиотиктермен және дәрі-дәрмектердің түрлі концентраттарын дайындауға мүмкіндік береді.

Қазіргі таңда елімізде жануарлар мен құстардың рационнында вермикулит негізінде дайындалған азықтық қоспаларын пайдалану әлі де өзекті мәселе болып отыр. Өйткені, бұл минералдың әсерін зерттеу бойынша жеткілікті көлемді зерттеу жұмыстары жүргізілмеген. Алайда, шетелдік ғалымдар вермикулиттің жануарлар мен құстардың ағзасына әсер ету механизмінің ерекшеліктерін егжей-тегжейлі зерттеп, айқын нәтижелер алған.

Соңғы он жылдықта қазақстандық табиғи минералдардың азықтық қоспалар ретінде пайдалану кезінде мал шаруашылығы өнімдеріне ветеринариялық-санитариялық сараптау жұмыстары іс жүзінде жүргізілмеген. Сондықтан, бұл осы диссертациялық жұмыстың өзектілігін анықтайды. Яғни, жұмыстың мақсатына сәйкес вермикулит негізінде дайындалған «Вермиком» азықтық қоспасының сиырлардың физиологиялық жай-күйіне және сүт пен сүт өнімдерінің сапасына әсері зерттеліп, ветеринариялық-санитариялық көрсеткіштері анықталды.

Жұмыстың тәжірибелік маңызы Қазақстандық минерал-вермикулит негізінде «Вермиком» азықтық қоспасын әзірлеу және оны сүт бағытындағы сиырлардың рационна қосып азықтандыру кезіндегі сүттің сапасы ветелық-санитариялық сараптау болып табылады. Зерттеу жұмысының нәтижелеріне сәйкес сиырлардың негізгі рационна «Вермиком» азықтық қоспасын 2-4% мөлшерде қолдану ұсынылады. Сонымен қатар, «Вермиком» азықтық қоспасын жануарлардың ағзасындағы ауыр металдардың қалдық мөлшерін шығаруда қолдануға болатын адсорбент ретінде пайдалануға болады.

Докторанттың сүйенген негізгі ғылыми және әдіснамалық ережелерді ашуы. Вермикулиттің әртүрлі мөлшерінің күнбағыс күнжарасының сақтау кезіндегі сапасына әсері зерттелді. «Вермиком» азықтық қоспасын әзірлеу әдістемесі жасалды және оның сиырлардың негізгі рационына қосып қолдану әсері анықталды. Сиырлардың сүт өнімділігінің сандық және сапалық көрсеткіштері анықталды. «Вермиком» азықтық қоспасының әртүрлі мөлшерін тәжірибелік зерттеу кезінде қолданған кездегі сүт пен сүт өнімдерінің сапасына ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізілді. Сүт пен сүт өнімдерінің сапасы органолептикалық, физика-химиялық, химиялық және микробиологиялық әдістерді қолдану арқылы зерттелді. Азық пен сүт үлгілерінің құрамындағы ауыр металдардың қалдық мөлшерін анықтау жұмыстары повваа 350 атомды-абсорбционды спектрометрінде (Analytikjena, Германия) жүргізілді.

Докторант алған ғылыми нәтижелері және олардың негізділігі. Зерттеу жұмысының міндеттеріне сәйкес Құлантау кен орнынан өндірілген вермикулиттің технологиялық қасиеттері мен ветеринариялық-санитариялық талаптары зерделенген, вермикулиттің күнбағыс күнжарасының сақтау кезіндегі сапасына әсері анықталған. Сондай-ақ, вермикулит негізінде әзірленген «Вермиком» азықтық қоспасын сиырлардың негізгі рационына 2-4% қосқан кездегі сиырлардың сүт өнімділігі мен қан көрсеткіштері зерттелінген. Бақылау және тәжірибелік топтардағы сиырлардың сүтінің сапасын ветеринариялық-санитариялық бағалау жұмыстары жүргізілген, сүттің органолептикалық көрсеткіштері, физикалық-химиялық құрамы, минералдық және аминқышқылдық құрмы анықталған. Сонымен қатар, «Вермиком» азықтық қоспасының сиырлардың ағзасындағы ауыр металдардың қалдық мөлшерлерінің шығарылуына әсері зерттелінген.

Докторант ветеринариялық-санитариялық сараптаманың жалпы қабылданған әдістері бойынша сүттің органолептикалық, физикалық-химиялық және биохимиялық зерттеулердің кең ауқымын жүргізген. «Вермиком» азықтық қоспасының мал шаруашылығы өнімдеріне толық ветеринариялық-санитариялық баға беру үшін сүт құрамындағы ауыр металдардың қалдық мөлшерін анықтау бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізді.

Диссертациялық жұмыста сүт және сүт өнімдерін ветеринариялық-санитариялық бағалау, елімізде сүт бағытындағы мал шаруашылығының даму деңгейі мен вермикулитті мал шаруашылығы мен құс шаруашылығында азықтық қоспа ретінде пайдалану нәтижесінде алынған отандық және шетелдің ғалымдардың ғылыми жұмыстарының нәтижелері бойынша әдебиеттерге аналитикалық шолу берілген.

Диссертацияның құрылымдық және мазмұндық тұтастығы. Диссертация ғылыми тілде, түсінікті жазылған, зерттеу нәтижелері мен талдау бөлімдерінде арнайы дереккөздерге сілтеме жасалған.

Докторанттың зерттеулерге қосқан жеке үлесі. Докторант диссертациялық жұмысты қазақ тілінде жазып, дайындады. Зерттеу жұмысының алынған нәтижелері бойынша вермикулит негізінде әзірленген «Вермиком» азықтық қоспасын сиырлардың негізгі рационына қосып, қолданған кезде сиырлардың сүт өнімділігі артқаны, сүттің физикалық-химиялық қасиеттері

жақсаратыны, тағамдық құндылығы мен маңызды минералды элементтердің сандық көрсеткіштері артатыны анықталды.

Осылайша, әдістемелік тұрғыдан жеткілікті көлемде дұрыс ұйымдастырылған зерттеулер докторантқа дұрыс нәтижелер алуға мүмкіндік берді, соның негізінде физикалық-химиялық, биохимиялық және гематологиялық өзгерістер кешені негізгі рационға «Вермиком» азықтық қоспасын қосып қолданған кездегі мал шаруашылығы өнімдерінің биологиялық және тағамдық құндылығын жақсартудың себебі болып табылады деген негізделген тұжырымдар мен қорытындылар жасалды.

Докторанттың зерттеуші ретіндегі ғылыми зерттеу әдістерінен алған тәжірибесі. Диссертациялық жұмыс бойынша жүргізілген тәжірибелік зерттеулердің нәтижелері ветеринариялық-санитариялық сараптама, морфология, биохимия бойынша оқу үрдістерінде пайдаланыла алады. Жүргізілген зерттеулер мал шаруашылығында мал басының сақталуын, сиырлардың сүт өнімділігінің артуын, сүттің тағамдық және биологиялық құндылығын арттыру мақсатында «Вермикулит» азықтық қоспасын қолдануды ұсынуға мүмкіндік береді.

Жүргізілген зерттеулердің жоғары ғылыми деңгейін, диссертациялық жұмыстың өзектілігін, жаңалығын, ғылыми және практикалық маңыздылығын ескере отырып, бұл диссертациялық жұмыс ветеринария ғылымы үшін үлкен маңызы бар кешенді, көп уақытты қажет ететін, қажырлы ғылыми зерттеулердің нәтижесі болып табылады. Сонымен қатар, диссертациялық жұмыс аяқталған ғылыми-біліктілік жұмысы екенін атап өтуге болады.

Қорытынды. Шеримова Сауле Курмановнаның ««Вермиком» азықтық қоспасын ірі қара рационында пайдалану кезінде сүт және сүт өнімдерін ветеринариялық-санитариялық бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми диссертациялық жұмыстарға қойылатын талаптарға сәйкес келеді, ал оның авторы 8D09102-«Ветеринариялық санитария» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне лайық деп есептеймін.

Ғылыми кеңесші:

Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университетінің профессоры,

ветеринария ғылымдарының докторы Сауле Сарсембаева Н.Б.

